

**Тағылымдамадан өткен және адвокаттық қызметпен айналысуға және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 мамырдағы № 653 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 161 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.03.2015 № 161 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы және «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі заңдарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Тағылымдамадан өткен және адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидалары;
- 2) Тағылымдамадан өткен және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі*  
*К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2012 жылғы 22 мамырдағы  
№ 653 қаулысымен  
бекітілген

**Тағылымдамадан өткен және адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Тағылымдамадан өткен және адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) « Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Заңына сәйкес әзірленді және тағылымдамадан өткен және адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер және адвокаттар алқасында тағылымдамадан өткен адамдар облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың аумақтық әділет органдары жанында (бұдан әрі – аумақтық әділет органдары) құрылатын адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияда (бұдан әрі – Комиссия) аттестаттаудан өтеді.

Комиссияның жұмыс органы аумақтық әділет органы болып табылады.

Комиссия жеті мүшеден – үш адвокаттан, әділет органдарының екі өкілінен, құқықтанушы ғалымнан және мәслихат депутатынан тұрады.

Адвокаттардың кандидатураларын адвокаттар алқасының президиумы айқындайды және комиссияның құрамына қосу үшін аумақтық әділет органына ұсынады.

Құқықтанушы ғалымның кандидатурасын тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жоғары білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орындары ұсынады.

Мәслихат депутатының кандидатурасын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың мәслихаттары ұсынады.

Комиссия мүшелерінің бірі оның құрамынан шыққан жағдайда, ол шыққан күнінен бастап жаңа мүшесі бір айдан кешіктірілмей құрамға енгізіледі.

Аумақтық әділет органы бастығының аттестаттау комиссиясының мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары Комиссия төрағасы болып табылады.

Аумақтық әділет органы Комиссияның қызметін ұйымдастыру үшін аумақтық әділет органы қызметкерлерінің ішінен Комиссия хатшысын тағайындайды.

Комиссия хатшысы комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады және отырыстардың хаттамаларын ресімдейді. Хатшы Комиссия мүшесі болып табылмайды.

Комиссияның дербес құрамы аумақтық әділет органдарының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен екітіледі.

3. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Жоғары Соты Кеңесінің жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған, сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және облыстық немесе оған теңестірілген соттың пленарлық

отырысының оң пікірін алған адамдар;

2) «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық заңының 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 9) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттіктерін тоқтатқан адамдар;

3) теріс себептермен босатылғандарды қоспағанда, прокуратура немесе тергеуші лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, прокуратура және тергеу органдарынан босатылған адамдар Комиссияда аттестаттаудан босатылады.

4. Комиссияның отырысына бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысуға құқылы. Аумақтық әділет органы бұқаралық ақпарат құралдарына отырыстың өткізілетін күні туралы хабарлайды.

Комиссия отырысының ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында аудио- және (немесе) бейнежазба не стенографиялау жүзеге асырылады. Отырыс барысында алынған стенограмма, аудио- және (немесе) бейнежазбалар отырыс хаттамасына қоса тіркеледі және Комиссия материалдарымен бірге сақталады.

## **2. Аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау тәртібі**

5. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адам тағылымдамадан өткеннен кейін өзін аттестаттауға жіберу туралы өтінішті комиссияға мына құжаттарды қоса бере отырып, тұрғылықты жері бойынша аумақтық әділет органдары арқылы жіберіледі:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) жоғары заң білімі туралы дипломның (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесі;

3) наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген медициналық анықтамалар;

4) бүкіл республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығының жоқ екендігі туралы анықтамa ;

5) тағылымдамадан өткені туралы қорытынды (қорытынды электрондық түрде ресімделген жағдайда берілмейді).

6. Құжаттар тиісінше ресімделмеген (құжаттарда күні және тіркеу нөмірі, уәкілетті адамның қолы немесе елтаңбалы мөрдің болмауы) не құжаттар пакеті толық берілмеген жағдайда, аумақтық әділет органының кеңсесіне пошталық

байланыс бөлімдері арқылы келіп түскен өтініш берілген құжаттармен бірге олардың түскен күнінен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей, қайтару себебі туралы жазбаша хабарламамен бірге үміткерге қаралмай қайтарылады. Үміткер құжаттарды қолма қол ұсынған кезде, өтінішті қайтару берілген құжаттармен бірге қаралмай дереу жүргізіледі.

7. Өтінішті қарамай қайтару үшін негіздер болмаған жағдайда, аумақтық әділет органы құжаттарды Комиссияның қарауына жібереді. Материалдарды қарау қорытындысы бойынша Комиссия аттестаттауға жіберу не жіберуден бас тарту туралы шешім шығарады.

Егер үміткер «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, аттестаттауға жіберуден бас тартылады.

Аттестаттауға жіберуден бас тарту туралы шешімді аумақтық әділет органдары өтініш келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей үміткерге жібереді.

Аттестаттауға жіберуден бас тартуға сот тәртібімен шағым берілуі мүмкін.

### **3. Аттестаттау өткізудің тәртібі мен шарттары**

8. Аумақтық әділет органы аттестаттауға жіберілген үміткерді аттестаттаудың өтетін орны, күні, уақыты туралы оны өткізгенге дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде хабардар етеді.

Аттестаттауға жіберілген үміткерлердің тізімдері оны өткізгенге дейін он жұмыс күнінен кешіктірілмей аумақтық әділет органының интернет-ресурстарында орналастырылады.

Аттестаттау қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

Комиссия отырысына келген кезде үміткердің өзінде оның жеке басын куәландыратын құжаты болуы тиіс.

9. Аттестаттау екі кезеңнен тұрады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын білуіне компьютерлік тест тапсыру ;

2) адвокаттық қызметпен айналысуға үміткердің білімін емтихан билеттері бойынша тексеру .

Үміткер өз қалауы бойынша аттестаттаудан қазақ немесе орыс тілінде өтуге құқылы. Үміткер өзі таңдаған тілін аттестаттау басталғанға дейін жазбаша растайды .

10. Тестілерге енгізілуі тиіс сұрақтар тізбесі Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен бекітіледі. Үміткерлердің білімін бағалауға арналған сұрақтар адвокаттық қызметті жүзеге асыру үшін білуді қажет ететін құқық

пәндерінің тақырыптарына сәйкес келуі және біреуі дұрыс болатын жауаптардың кемінде үш нұсқасын қамтуы тиіс.

Тестілеу компьютерлік техника пайдаланыла отырып өткізіледі. Тестілеуге бөлінген уақыт тоқсан минутты құрайды.

Аттестаттауды өткізер алдында Комиссия үміткерді аттестаттауды өткізу тәртібі, ұзақтығы және үміткерлерді іріктеу рәсімінің мазмұны туралы хабардар етеді.

11. Аттестаттаудан өту кезінде үміткерге анықтамалық, арнайы және өзге де әдебиетті, байланыс құралдарын, сондай-ақ қандай да бір жазбаларды пайдалануға жол берілмейді.

Көрсетілген талаптарды бұзған жағдайда, үміткер Комиссия хаттамасының негізінде аттестаттаудан шеттетіледі.

Аттестаттаудан шеттетілген үміткер шешім шығарылған күннен бастап үш ай өткен соң осы Қағидалардың 5 және 8-тармақтарында көзделген тәртіппен аттестаттауға жіберу туралы өтінішті қайта беруге құқылы.

12. Тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу қолданылатын компьютерлік бағдарламаның көмегімен автоматты түрде жүргізіледі. Тестілеу нәтижелері принтерде екі данада басылып шығарылады және үміткерге жеке қол қойдыру арқылы танысу үшін ұсынылады.

Тестілеу нәтижелері бар парақтың бір данасы үміткерге тапсырылады, екіншісі Комиссияға беріледі.

13. Егер дұрыс жауаптардың саны ұсынылған сұрақтардың жалпы санының 70 және одан көп пайызын құраса, үміткер тестілеуден өтті деп саналады және екінші кезеңге жіберіледі.

14. Емтихан билеттеріне енгізілуі тиіс сұрақтар тізбесі Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен бекітіледі. Емтихан билеттері адвокаттық қызметті жүзеге асыру үшін білуді қажет ететін құқық пәндерінің тақырыптарына сәйкес келуі тиіс үш сұрақтан тұрады.

15. Емтихан билеттерінің сұрақтарына үміткердің жауап дайындауы үшін 10 минут уақыт беріледі. Комиссия мүшелері үміткердің емтихан билетінің ауызша сұрақтарына берген жауаптарының дұрыстығын бес балдық жүйе бойынша бағалайды.

Комиссияның әрбір мүшесі басқалардан тәуелсіз аттестаттаудан өтушінің жауаптарын бағалайды.

Төрағалық өтуші екінші кезеңнің қорытындылары бойынша Комиссия мүшелері шығарған нәтижелерді есептейді және жалпы орташа балды шығарады.

Комиссия мүшелерінің бағалары, сондай-ақ аттестаттаудан өтушінің емтихан билетінің сұрақтары бойынша жинаған жалпы орташа балы Комиссияның хаттамасында көрсетіледі.

Егер жалпы орташа балл кемінде төрт балды құраса, үміткер аттестаттаудан өтті деп саналады.

16. Тестілеу және /немесе емтихан сұрақтарына жауаптардың нәтижелері бойынша Комиссия осы Қағидалардың 1, 2-қосымшаларында белгіленген нысандар бойынша аттестаттау туралы не аттестаттамау туралы дәлелді шешім шығарады. Аттестаттау нәтижелері үміткердің аттестаттаудан өткен күні олаяқталғаннан кейін жария етіледі.

Комиссияның шешіміне сот тәртібімен шағым берілуі мүмкін.

Комиссияның аттестаттаудан өту туралы шешімі оның шығарылған сәтінен бастап алты жыл бойы жарамды болып табылады.

Аттестаттаудан өтпеген үміткер бір жылдан соң қайта аттестаттауға жіберіледі.

17. Комиссияның отырысында оның күні, уақыты мен орны, аттестаттаудан өтушінің тегі, аты, әкесінің аты, тестілеу нәтижесі, емтихан билетінің нөмірі мен мазмұны, аттестаттаудан өтушінің жауаптары, Комиссия мүшелерінің қойған бағалары мен билет сұрақтары бойынша жалпы орташа балы, сондай-ақ Комиссияның шешімі көрсетілетін хаттама жүргізіледі.

Хаттамаға аттестаттауды жүргізуге қатысқан Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

18. Дәлелді себептер (денсаулық жағдайы бойынша, іссапарда болу себебінен, еңсерілмейтін күштің салдарынан қатысудың мүмкін еместігі) бойынша аттестаттауға келмеген үміткер осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген тәртіппен Комиссияның келесі отырысына шақырылады.

Үміткер қайта келмеген жағдайда, оның өтініші қаралмайды және аумақтық әділет органдарына ұсынылған құжаттармен бірге қайтарылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2 жылғы 22 мамырдағы

№ 653 қаулысымен

бекітілген

## **Тағылымдамадан өткен және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Тағылымдамадан өткен және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14

шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және тағылымдамадан өткен және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер және жеке практикамен айналысатын нотариустардан немесе мемлекеттік нотариустардан тағылымдамадан өткен адамдар облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың аумақтық әділет органдары жанында (бұдан әрі – аумақтық әділет органдары) құрылатын нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияда (бұдан әрі – Комиссия) аттестаттаудан өтеді.

Комиссияның жұмыс органы аумақтық әділет органы болып табылады.

Комиссия жеті мүшеден – нотариаттық палатаның төрағасын қоса алғанда, екі нотариустан, әділет органдарының екі өкілінен, құқықтанушы ғалымнан және мәслихаттың екі депутатынан тұрады.

Нотариустардың кандидатураларын нотариаттық палата Комиссияның құрамына қосу үшін аумақтық әділет органына ұсынады.

Құқықтанушы ғалымның кандидатурасын тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жоғары білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орындары ұсынады.

Мәслихат депутатының кандидатурасын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың мәслихаттары ұсынады.

Комиссия мүшелерінің бірі оның құрамынан шыққан жағдайда, ол шыққан күннен бастап жаңа мүшесі бір айдан кешіктірілмей құрамға енгізіледі.

Аумақтық әділет органы бастығының аттестаттау комиссиясының мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары Комиссия төрағасы болып табылады.

Аумақтық әділет органы Комиссияның қызметін ұйымдастыру үшін аумақтық әділет органы қызметкерлерінің ішінен Комиссия хатшысын тағайындайды.

Комиссия хатшысы Комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады және отырыстардың хаттамаларын ресімдейді. Хатшы Комиссия мүшесі болып табылмайды.

Комиссияның дербес құрамы аумақтық әділет органдарының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен бекітіледі.

3. Мыналар :

1) Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасында немесе Қазақстан Республикасы Жоғары Сот кеңесі жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған адамдар, тұрақты судьялар және өз міндеттерін атқару кезінде теріс қылықтар жасағаны және заңдылықты бұзғаны үшін судья

лауазымынан босатылған судьяларды қоспағанда, тұрақты судьялар болып жұмыс істеген адамдар;

2) мемлекеттік нотариустар аттестаттаудан босатылады.

4. Комиссияның отырысына бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысуға құқылы. Аумақтық әділет органы бұқаралық ақпарат құралдарына отырыстың өткізілетін күні туралы хабарлайды.

Комиссия отырысының ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында аудио- және (немесе) бейнежазба не стенографиялау жүзеге асырылады. Отырыс барысында алынған стенограмма, аудио- және (немесе) бейнежазбалар отырыс хаттамасына қоса тіркеледі және Комиссия материалдарымен бірге сақталады.

## 1. Аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау тәртібі

5. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адам тағылымдамадан өткеннен кейін өзін аттестаттауға жіберу туралы өтінішті Комиссияға мынадай құжаттарын қоса бере отырып, тұрғылықты жері бойынша аумақтық әділет органдары арқылы жібереді:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) жоғары заң білімі туралы дипломның (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесі;

3) наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген медициналық анықтамалар;

4) бүкіл республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығының жоқ екендігі туралы анықтама;

5) тағылымдамадан өткені туралы қорытынды (қорытынды электрондық түрде ресімделген жағдайда берілмейді).

6. Құжаттар тиісінше ресімделмеген (құжаттарда күні және тіркеу нөмірі, уәкілетті адамның қолы немесе елтаңбалы мөрдің болмауы) не құжаттар пакеті толық берілмеген жағдайда, аумақтық әділет органының кеңсесіне пошталық байланыс бөлімдері арқылы келіп түскен өтініш берілген құжаттармен бірге олардың түскен күнінен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей, қайтару себебі туралы жазбаша хабарламамен бірге үміткерге қаралмай қайтарылады. Үміткер құжаттарды қолма қол ұсынған кезде, өтінішті қайтару берілген құжаттармен бірге қаралмай дереу жүргізіледі.

7. Өтінішті қарамай қайтару үшін негіздер болмаған жағдайда, аумақтық әділет органы құжаттарды Комиссияның қарауына жібереді. Материалдарды



қарау қорытындысы бойынша Комиссия аттестаттауға жіберу не жіберуден бас тарту туралы шешім шығарады.

Егер үміткер «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, аттестаттауға жіберуден бас тартылады.

Аттестаттауға жіберуден бас тарту туралы шешімді аумақтық әділет органдары өтініш келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей үміткерге жібереді.

Аттестаттауға жіберуден бас тартуға сот тәртібімен шағым берілуі мүмкін.

### **3. Аттестаттау өткізудің тәртібі мен шарттары**

8. Аумақтық әділет органы аттестаттауға жіберілген үміткерді аттестаттаудың өтетін орны, күні, уақыты туралы оны өткізгенге дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде хабардар етеді.

Аттестаттауға жіберілген үміткерлердің тізімдері оны өткізгенге дейін он жұмыс күнінен кешіктірілмей аумақтық әділет органының интернет-ресурстарында орналастырылады.

Аттестаттау қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

Комиссия отырысына келген кезде үміткердің өзінде оның жеке басын куәландыратын құжаты болуы тиіс.

9. Аттестаттау екі кезеңнен тұрады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын білуіне компьютерлік тест тапсыру;

2) нотариаттық қызметпен айналысуға үміткердің білімін емтихан билеттері бойынша тексеру.

Үміткер өз қалауы бойынша аттестаттаудан қазақ немесе орыс тілінде өтуге құқылы. Үміткер өзі таңдаған тілін аттестаттау басталғанға дейін жазбаша растайды.

10. Тестілерге енгізілуі тиіс сұрақтар тізбесі Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен бекітіледі. Үміткерлердің білімін бағалауға арналған сұрақтар нотариаттық қызметті жүзеге асыру үшін білуді қажет ететін құқық пәндерінің тақырыптарына сәйкес келуі және біреуі дұрыс болатын жауаптардың кемінде үш нұсқасын қамтуы тиіс.

Тестілеу компьютерлік техника пайдаланыла отырып өткізіледі. Тестілеуге бөлінген уақыт тоқсан минутты құрайды.

Аттестаттауды өткізер алдында Комиссия үміткерді аттестаттауды өткізу тәртібі, ұзақтығы және үміткерлерді іріктеу рәсімінің мазмұны туралы хабардар етеді.

11. Аттестаттаудан өту кезінде үміткерге анықтамалық, арнайы және өзге де

әдебиетті, байланыс құралдарын, сондай-ақ қандай да бір жазбаларды пайдалануға жол берілмейді.

Көрсетілген талаптарды бұзған жағдайда, үміткер Комиссия хаттамасының негізінде аттестаттаудан шеттетіледі.

Аттестаттаудан шеттетілген үміткер шешім шығарылған күннен бастап үш ай өткен соң осы Қағидалардың 5 және 8-тармақтарында көзделген тәртіппен аттестаттауға жіберу туралы өтінішті қайта беруге құқылы.

12. Тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу қолданылатын компьютерлік бағдарламаның көмегімен автоматты түрде жүргізіледі. Тестілеу нәтижелері принтерде екі данада басылып шығарылады және үміткерге жеке қол қойдыру арқылы танысу үшін ұсынылады.

Тестілеу нәтижелері бар парақтың бір данасы үміткерге тапсырылады, екіншісі Комиссияға беріледі.

13. Егер дұрыс жауаптардың саны ұсынылған сұрақтардың жалпы санының 70 және одан көп пайызын құраса, үміткер тестілеуден өтті деп саналады және екінші кезеңге жіберіледі.

14. Емтихан билеттеріне енгізілуі тиіс сұрақтар тізбесі Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен бекітіледі. Емтихан билеттері нотариаттық қызметті жүзеге асыру үшін білуді қажет ететін құқық пәндерінің тақырыптарына сәйкес келуі тиіс үш сұрақтан тұрады.

15. Емтихан билеттерінің сұрақтарына жауап дайындау үшін 10 минут уақыт беріледі. Комиссия мүшелері үміткердің емтихан билеттерінің сұрақтарына берген ауызша жауаптарының дұрыстығын бес балдық жүйе бойынша бағалайды.

Комиссияның әрбір мүшесі басқалардан тәуелсіз аттестаттаудан өтушінің жауаптарын бағалайды.

Төрағалық етуші екінші кезеңнің қорытындылары бойынша Комиссия мүшелері шығарған нәтижелерді есептейді және жалпы орташа балды шығарады.

Комиссия мүшелерінің бағалары, сондай-ақ аттестаттаудан өтушінің емтихан билетінің сұрақтары бойынша жинаған жалпы орташа балы Комиссияның хаттамасында көрсетіледі.

Егер жалпы орташа балл кемінде төрт балды құраса, үміткер аттестаттаудан өтті деп саналады.

16. Тестілеу және /немесе емтихан сұрақтарына жауаптардың нәтижелері бойынша Комиссия осы Қағидалардың 1, 2-қосымшаларында белгіленген нысандар бойынша аттестаттау туралы не аттестаттамау туралы дәлелді шешім шығарады. Аттестаттау нәтижелері үміткердің аттестаттаудан өткен күні ола аяқталғаннан кейін жария етіледі.

Комиссияның шешіміне сот тәртібімен шағым берілуі мүмкін.

Комиссияның аттестаттау туралы шешімі оның шығарылған сәтінен бастап үш жыл бойы жарамды болып табылады.

Аттестаттаудан өтпеген үміткер бір жылдан соң қайта аттестаттауға жіберіледі

17. Комиссияның отырысында оның күні, уақыты мен орны, аттестаттаудан өтушінің тегі, аты, әкесінің аты, тестілеу нәтижесі, емтихан билетінің нөмірі мен мазмұны, аттестаттаудан өтушінің жауаптары, Комиссия мүшелерінің қойған бағалары мен емтихан билетінің сұрақтары бойынша жалпы орташа балы, сондай-ақ Комиссияның шешімі көрсетілетін хаттама жүргізіледі.

Хаттамаға аттестаттауды жүргізуге қатысқан Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

18. Дәлелді себептер (денсаулық жағдайы бойынша, іссапарда болу себебінен, еңсерілмейтін күштің салдарынан қатысудың мүмкін еместігі) бойынша аттестаттауға келмеген үміткер осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген тәртіппен Комиссияның келесі отырысына шақырылады.

Үміткер қайта келмеген жағдайда, оның өтініші қаралмайды және аумақтық әділет органдарына ұсынылған құжаттармен бірге қайтарылады.

Тағылымдамадан өткен және адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидаларына 1-қосымша

Комиссияның адвокаттық қызметпен айналысуға үміткерді аттестаттау туралы шешімі

\_\_\_\_\_ қаласы 20\_\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттау нәтижелері бойынша

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

тестілеу бойынша \_\_\_\_\_ балл

емтихан билеті бойынша \_\_\_\_\_ балл жинады.

Мына құрамдағы Комиссия:

Т ө р а ғ а

М ү ш е л е р і

\_\_\_\_\_ аттестатталсын деп шешті.

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

К о м и с с и я

т ө р а ғ а с ы

Комиссия хатшысы

Тағылымдамадан өткен және адвокаттық қызметпен айналысуға

үміткер адамдарды  
аттестаттаудан өткізу қағидаларына  
2-қосымша

Комиссияның адвокаттық қызметпен айналысуға үміткерді  
аттестаттамау туралы шешімі

\_\_\_\_\_ қаласы 20 \_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттау нәтижелері бойынша

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

тестілеу бойынша \_\_\_\_\_ балл

емтихан билеті бойынша \_\_\_\_\_ балл жинады.

Мына құрамдағы Комиссия:

Т ө р а ғ а

М ү ш е л е р і

ш е ш і м

ш ы ғ а р д ы :

\_\_\_\_\_ аттестаттаудан өтпеді деп саналсын.

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

К о м и с с и я

т ө р а ғ а с ы

Комиссия хатшысы

Тағылымдамадан өткен және

нотариаттық қызметпен айналысу

құқығына үміткер адамдарды

аттестаттаудан өткізу қағидаларына

1-қосымша

Комиссияның нотариаттық қызметпен

айналысу құқығына үміткерді аттестаттау туралы шешімі

\_\_\_\_\_ қаласы 20 \_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттау нәтижелері бойынша

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

тестілеу бойынша \_\_\_\_\_ балл

емтихан билеті бойынша \_\_\_\_\_ балл жинады.

Мына құрамдағы Комиссия:

Төраға

Мүшелері

\_\_\_\_\_ аттестатталсын деп шешті.

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

К о м и с с и я

т ө р а ғ а с ы

Комиссия хатшысы

Тағылымдамадан өткен және  
нотариаттық қызметпен айналысу  
құқығына үміткер адамдарды  
аттестаттаудан өткізу қағидаларына  
2-қосымша

Комиссияның нотариаттық қызметпен  
айналысу құқығына үміткерді аттестаттамау туралы шешімі  
\_\_\_\_\_ қаласы 20\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттау нәтижелері бойынша

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

тестілеу бойынша \_\_\_\_\_ балл  
емтихан билеті бойынша \_\_\_\_\_ балл жинады.

Мына құрамдағы Комиссия:

Т ө р а ғ а  
М ү ш е л е р і  
шешім шығарды:

\_\_\_\_\_ аттестаттаудан өтпеді деп саналсын.  
(Т.А.Ә.)

К о м и с с и я т ө р а ғ а с ы

Комиссия хатшысы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 2 м а м ы р д а ғ ы

№ 6 5 3 қ а у л ы с ы н а

қосымша

### **Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. «Адвокаттық қызметпен айналысуға не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың аттестациядан өту ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қыркүйектегі № 1235 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ- ы, 2001 ж., № 33, 433-құжат).

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қыркүйектегі № 1235 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 қаңтардағы № 64 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ- ы, 2002 ж., № 4, 20-құжат).

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қыркүйектегі № 1235

қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 наурыздағы № 347 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 9, 82 - қ ұ ж а т . ) .

4. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қыркүйектегі № 1235 және 2002 жылғы 27 ақпандағы № 254 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 мамырдағы № 518 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 21, 269 - қ ұ ж а т . ) .

5. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 532-құжат ) .

6. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қыркүйектегі № 1235 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 2 маусымдағы № 495 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 21, 203-құжат.) .

7. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 наурыздағы № 300 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 18, 160-құжат ) .

8. «Адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың аттестациядан өту ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қыркүйектегі № 1235 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 шілдедегі № 752 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 45, 600-құжат).